

Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 605 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 желтоқсанда № 35580 болып тіркелді.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Инфрақұрылымдық жобалар, мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

С. Нурбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2024 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 605 бұйрығына қосымша

Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 23-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу тәртібін айқындайды.

2 Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік әріптес – Қазақстан Республикасы, оның атынан әрекет ететін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы – Заңға және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі реттілікпен болатын іс-шаралар жиынтығы (бұдан әрі-МЖӘ жобасы);

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде құрылатын (оның ішінде салынатын және қажет болған жағдайда жобаланатын) және (немесе) реконструкцияланатын және (немесе) жаңғыртылатын, сондай-ақ пайдаланылатын ғимараттар, құрылысжайлар және (немесе) жабдықтар, мүлктік кешендер, зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелер (бұдан әрі - МЖӘ объектісі).

Осы Қағидаларда пайдаланылатын барлық терминдер мен анықтамалар Заңда жазылған анықтамаларға сәйкес түсініледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының МЖӘ жобасын мемлекеттік әріптес бастамашылық етеді:

1) тиісті саланың орталық мемлекеттік органы;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы;

3) акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ).

4. МЖӘ жобасын іске асыру конкурстық негізде жекеше әріптесті айқындау жолымен жүзеге асырылады. МЖӘ жобасын жоспарлау кезінде бір МЖӘ жобасының кезеңдерін бірнеше МЖӘ жобаларына бөлуге жол берілмейді.

5. МЖӘ жобасы мынадай базалық параметрлерде жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына (бұдан әрі – МЖӘ Шарты) сәйкес МЖӘ объектісінде ЖЖОКБҰ студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының тұруы үшін жаңадан енгізілетін орындардың жалпы саны кемінде 500 (бес жүз) орын;

2) бір орынды салу құны МЖӘ объектісінің жобалық қуатын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес тиісті өңірдің ірілендірілген сметалық нормативтерінде белгіленген құннан аспайды;

3) жекеше әріптеске Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беру және ол болмаған жағдайда МЖӘ объектісіне тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу;

4) МЖӘ объектісін пайдалануға бергеннен кейін жекеше әріптестің меншігіне берілетін коммерциялық үй-жайларды қоспағанда, МЖӘ объектісін салудың нөлдік циклі аяқталғаннан кейін МЖӘ жобасының инвестициялық кезеңінде МЖӘ объектісін салудың сметалық құнының отыз пайызынан аспайтын мөлшерде бірлесіп қаржыландыру немесе жарналар;

5) МЖӘ Шарты 96 (тоқсан алты) ай мерзімге жасалады;

6) құрылысқа арналған жер учаскесіне үшінші тұлғалардың ауыртпалықтары мен талаптарының болмауы;

7) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін ЖЖОКБҰ мен жекеше әріптес арасында бірлескен қызмет туралы шарт (консорциум шарты) жасасу;

8) МЖӘ объектісін пайдалануға бергеннен кейін жекеше әріптестің меншігіне МЖӘ объектісінің он бес пайызын (бірінші және екінші қабаттарда орналасқан коммерциялық үй-жайлар) беру;

9) МЖӘ объектісі ЖЖОКБҰ-ның (тұрғын бөлмелерге, тамақ дайындауға арналған тиісті үй-жайларға, санитариялық тораптарға, душ бөлмелеріне, сондай-ақ жүріп-тұруға, спортпен шұғылдануға, демалуға және әлеуметтік өзара іс-қимылға арналған үй-жайларға арналған жатақхана ғимаратының жалпы алаңының сексен бес пайызы) және жекеше әріптестің (бірінші және екінші қабаттарда орналасқан коммерциялық үй-жайларға арналған жатақхана ғимаратының жалпы алаңының он бес пайызы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес объектінің нысаналы мақсатының өзгермейтіндігіне ауыртпалық салумен;

10) МЖӘ объектісін жабдықтау және жарақтандыру (жиһаз, қатты және жұмсақ мүкәммал) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген санитариялық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖЖОКБҰ студенттерін, магистранттарын және докторанттарын жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде пайдалану кезеңінде жүзеге асырылатын төлемдер;

12) жекеше әріптес МЖӘ объектісін жетпіс екі ай бойы пайдаланады.

Егер МЖӘ жобасының бастамашысы тиісті саланың орталық мемлекеттік органы немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы болған жағдайда, ол инвестициялық кезеңде осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген МЖӘ жобасын қоса қаржыландыруды жүзеге асырады.

Егер МЖӘ жобасының бастамашысы инвестициялық кезеңде ЖЖОКБҰ болса, оларға осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жарналар енгізіледі.

2-тарау. МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын әзірлеу және бекіту тәртібі

6. Конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын әзірлеуді жүзеге асырады. МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасын келісу және сараптау талап етілмейді.

7. МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасы, оның ішінде оған тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, Заңда және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қазақ және орыс тілдерінде әзірленеді.

8. МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасы Заңның 37-бабының 2-тармағына сәйкес осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

9. Конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын әзірлегеннен кейін МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысының, оны алмастыратын адамның не Заңның 37-бабының 1-тармағына сәйкес ол уәкілеттік берген адамның шешімімен бекітіледі.

10. МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі бекітілген күннен бастап 3 (үш) жылдан аспайды.

3-тарау. Конкурстық негізде жекеше әріптесті айқындау тәртібі

1-параграф. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу

11. Конкурсты тиісті саланың орталық мемлекеттік органы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы ұйымдастырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Конкурсты ұйымдастырушы жекеше әріптесті айқындау үшін конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

13. Комиссия төрағадан және Комиссия мүшелерінің тақ санынан тұрады, бірақ Комиссия төрағасын қоса алғанда, кемінде 7 (жеті) адамнан тұрады.

14. Комиссия құрамына мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

15. Комиссия төрағасы конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысы болып табылады.

16. Комиссия хатшысы құрылымдық бөлімше басшысының орынбасарынан төмен емес конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылады.

17. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) әлеуетті жекеше әріптесті конкурсқа қатысушы деп тану туралы шешім қабылдау, ол МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамамен ресімделеді;

2) конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау;

3) үздік конкурстық өтінімді айқындау;

4) конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен не жалғыз әлеуетті жекеше әріптеспен МЖӘ шартының талаптарын нақтылау жөнінде келіссөздер жүргізу;

5) өтініш берушіні жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп тану;

6) конкурсты өтпеді деп тану.

18. Комиссия шешімдері мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталында (бұдан әрі – МЖӘ веб-порталы) қолданылатын хаттамалармен ресімделеді.

Комиссияның шешімі дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда осы Комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікір білдіреді, ол Комиссия отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Комиссия хатшысына жіберіледі және хаттамаға қоса беріледі. Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды (кворумы бар) болып саналады. Комиссия отырыстарының хаттамаларына комиссия мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы электрондық түрде қол қояды.

Комиссия төрағасы отырыста болмаған жағдайда Комиссия отырысы өткізілмейді.

19. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу мынадай дәйекті іс шараларды орындауды көздейді:

1) конкурсты ұйымдастырушының өзінің интернет-ресурсында және МЖӘ веб-порталында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты және МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын өткізу туралы хабарламаны қазақ және орыс тілдерінде орналастыруы;

2) әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімді енгізуі, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуі;

3) Комиссияның конкурстық өтінімдерді қарауы;

4) МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып, конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен комиссияның келіссөздер жүргізуі;

5) байқау жеңімпазын анықтау.

2-параграф. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу туралы хабарлама және конкурстық құжаттаманы ұсыну

20. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Конкурс бұрын бекітілген конкурстық құжаттаманың негізінде, бірақ конкурс өтпеді деп танылған күннен бастап күнтізбелік бір жылдан кешіктірілмей өткізіледі.

Бұл жағдайда көрсетілген мерзімдер МЖӘ веб-порталында хабарлама алғаш жарияланған күннен бастап есептеледі.

22. Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурс өткізу туралы хабарламаны орналастырумен бір мезгілде конкурсты ұйымдастырушы жүктеуге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, өзінің интернет-ресурсында және МЖӘ веб-порталында конкурстық құжаттаманы орналастырады.

3-параграф. Конкурстық өтінім

23. Конкурстық өтінім әлеуетті жекеше әріптестің МЖӘ үлгілік шарты талаптарында МЖӘ шартын жасасуға келісімін қоса алғанда, конкурстық құжаттамада белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін білдіру нысаны болып табылады.

24. Конкурстық өтінімдер МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасында көрсетілген оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін енгізіледі.

25. Конкурстық өтінім растайтын құжаттарды тіркей отырып, МЖӘ веб-порталында толтырылады, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады және МЖӘ веб-порталы арқылы конкурсты ұйымдастырушыға беріледі.

26. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінімдер конкурс шеңберінде қаралмайды.

27. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кешіктірмей:

1) енгізілген конкурстық өтінімді өзгерте және (немесе) толықтыра алады;

2) өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімі:

1) әлеуетті жекеше әріптес және (немесе) консорциумға қатысушы бұрын жекеше әріптесті айқындау жөніндегі осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім ұсынған;

2) конкурстық өтінім жекеше әріптесті айқындау бойынша осы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбауға жатады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге сәйкес келеді.

30. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті жекеше әріптес өзінің:

1) конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзінің конкурстық өтінімін қайтармайды не өзгертпейді және (немесе) толықтырмайды;

2) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы болып айқындалған жағдайда МЖӘ шартын жасасу.

31. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді қамтамасыз ету МЖӘ шарты бойынша болжамды инвестициялар сомасының оннан бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

МЖӘ шарты бойынша болжамды инвестициялар сомасы конкурстық құжаттамада айқындалады.

Әлеуетті жекеше әріптес, егер ол екі кезеңдік рәсім пайдаланылатын жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың бірінші кезеңіне қатысса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) конкурсты ұйымдастырушы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі.

Әлеуетті жекеше әріптестің үшінші тұлғаларда оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген әрекеттерді қоспағанда, конкурсты ұйымдастырушының әлеуетті жекеше әріптес енгізген кепілдік ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

33. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді конкурсты ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтармайды:

1) әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алды не өзгертті және (немесе) толықтырды;

2) конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жекеше әріптес МЖӘ шартын жасасудан жалтарғанда, оның ішінде конкурстық өтінімді және МЖӘ шартының талаптарын конкурстық комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес талқылаудан және нақтылаудан бас тарту арқылы жалтарғанда не оның ұсыныстары жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың талаптары тұрғысынан қолайсыз болып табылғанда қайтармайды.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджет кірісіне есепке жатқызылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптеске өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптеске өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады:

2) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған жағдайда. Аталған жағдай жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті жекеше әріптестерге қолданылмайды;

3) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған жағдайда. Көрсетілген жағдай жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс жеңімпазы болып айқындалған жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) МЖӘ шартының күшіне енуі;

5) әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің аяқталауы.

4-параграф. Конкурстық өтінімдерді қарау

36. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді конкурстық комиссия жүзеге асырады.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Комиссия конкурстық өтінімдерді МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасында көрсетілген мерзімде қарайды.

38. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау кезінде:

1) конкурсты ұйымдастырушы осы конкурс бойынша, оның ішінде:

комиссия құрамы;

конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті жекеше әріптестердің саны;

белгіленген мерзімде конкурстық өтінімдер ұсынған әлеуетті жекеше әріптестер туралы ақпарат қалыптастырады;

2) жобаның конкурстық құжаттамасында көрсетілген мерзімде конкурстық өтінімдерді ашу жүзеге асырылады.

39. Комиссия барлық конкурстық өтінімдерді, оның ішінде бір ғана конкурстық өтінімді ұсынған кезде қарайды.

40. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау кезінде Комиссия:

1) конкурстық өтінімдерді толықтығы және тиісті ресімделуі тұрғысынан зерделейді;

2) конкурсқа қатысушыларға конкурстық өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың конкурстық өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсініктемелер беру туралы сұрау салулар жібереді;

3) конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында Комиссия тиісті мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға қажетті ақпаратты беру туралы сұрау салулар жібереді;

4) конкурстық өтінімдер ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде МЖӨ веб-порталында жасалған МЖӨ жобасы бойынша конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасына қол қояды.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасында:

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес конкурстық өтінімдер берген әлеуетті жекеше әріптестердің тізбесі;

өтінімдері ресімдеу бөлігінде конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жекеше әріптестердің тізбесі;

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес ұсынылуы және (немесе) келтірілуі қажет құжаттардың тізбесі;

құжаттарды ұсыну мерзімі, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасы МЖӨ веб-порталында жарияланады. Әлеуетті жекеше әріптес хаттамада белгіленген мерзімнен кейін ұсынған құжаттама қабылданбайды. Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасының талаптарын орындау барысында енгізілген конкурстық өтінімнің мазмұнын өзгертуге және (немесе) толықтыруға жол берілмейді;

5) үздік конкурстық өтінімді айқындау критерийлеріне сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдерді бағалайды;

б) үздік конкурстық өтінімді анықтайды.

41. Конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен не жалғыз әлеуетті жекеше әріптеспен Комиссия МЖӨ жобасын және МЖӨ шартының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Келіссөздер жүргізуге дайындық кезеңінде МЖӨ жобасы мен МЖӨ шарты бойынша ескертулер мен ұсыныстарды комиссия әлеуетті жекеше әріптеске конкурстық өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға жазбаша нысанда жібереді. Келіссөздер жүргізу қорытындысы бойынша Комиссия шешім қабылдайды. Келіссөздер барысында жекеше әріптесті айқындау жөніндегі Конкурс шарттарына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

43. Егер конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптес комиссияның ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес конкурстық өтінімді және МЖӨ шартының талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартса не оның ұсыныстары жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс талаптары тұрғысынан қолайсыз болып табылса, онда комиссия бұл конкурстық өтінімді қарамайды және үздік конкурстық өтінімді қайта таңдайды.

Комиссияның мұндай конкурстық өтінімді үздік деп тану туралы шешімі жойылады және осы әлеуетті жекеше әріптес конкурстың жеңімпазы болып танылмайды.

Комиссия конкурсқа ұсынылған басқа конкурстық өтінімдердің ішінен үздік конкурстық өтінімді қайта таңдайды. Мұндай конкурстық өтінімдер болмаған не қалған конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, конкурс өткізілмеді деп танылады.

44. Конкурс:

1) егер белгіленген мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық өтінімдер түспеген жағдайда;

2) егер барлық ұсынылған конкурстық өтінімдер не жалғыз конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

3) осы Қағидалардың 43-тармағында көзделген жағдайда;

4) егер біліктілікті іріктеу нәтижелері бойынша конкурсқа екіден кем әлеуетті жекеше әріптес жіберілсе, конкурс өткізілмеген болып есептеледі.

Бұл ретте қайта конкурс өткізуге жол беріледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Жекешелік әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындысы бойынша Комиссияның шешімімен үздік конкурстық өтінім айқындалады, ал өтініш беруші жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың жеңімпазы болып танылады. Комиссияның шешімі МЖӘ жобасы бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттамамен ресімделеді.

4-тарау. МЖӘ шартын жасасу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

46. Жекеше әріптес ЖЖОКБҰ-мен консорциум шартын жасайды.

Консорциум шарты МЖӘ шартының ажырамас бөлігі болып табылады, бұл ретте осы Қағидалардың 5-тармағының 5), 7), 8), 9), 10) және 11) -тармақшаларында және 63-тармағында көзделген міндетті шарттарды қоспағанда, жекеше әріптес пен ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

47. Конкурсты ұйымдастырушы МЖӘ жобасының қаржы-экономикалық моделін толтырады және оны МЖӘ веб-порталына орналастырады.

48. МЖӘ шарты консорциум шарты жасалғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс нәтижелері негізінде жасалады.

МЖӘ шарты жазбаша нысанда жасалады. МЖӘ шартының жазбаша нысанын сақтамау МЖӘ шартының жарамсыздығына әкеп соғады.

Конкурсты ұйымдастырушы ерекше маңызды МЖӘ жобаларын іске асыру үшін конкурстық комиссияның шешімі негізінде конкурстың жеңімпазы МЖӘ жобасын іске

асыру мақсатында құрған, құрылатынын конкурстың жеңімпазы конкурстық өтінімде мәлімдеген заңды тұлғамен МЖӘ шартын жасасады (мемлекеттік әріптеске МЖӘ шартында айқындалған көлемде және талаптарда осындай заңды тұлғаның міндеттемелерін орындаудың банктік кепілдіктері ұсынылған жағдайда).

Ескерту. 48-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. МЖӘ шарты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді;
2) ЖЖОКБҰ МЖӘ шартын осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдейді.

50. МЖӘ-ның үлгілік шартын келісу және сараптау талап етілмейді.

51. МЖӘ шартын жасасу мерзімі жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың қорытындысы шығарылған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспауға тиіс.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. МЖӘ шартының тараптары мемлекеттік әріптес және жекеше әріптес болып табылады.

53. МЖӘ шарты бойынша қолданылатын құқықты, егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті жекеше әріптес болып табылған жағдайда, МЖӘ шартының тараптары айқындайды.

54. МЖӘ шарты қазақ және орыс тілдерінде жасалады.

МЖӘ шарты МЖӘ шарты тараптарының келісімі бойынша айқындалған тілдерде қосымша жасалады.

55. МЖӘ шартының қолданылу мерзімі мынадай жағдайларда:

1) МЖӘ шартының тараптарына байланысты емес мән-жайлар нәтижесінде МЖӘ жобасы кідірген немесе тоқтаған;

2) мемлекеттік әріптестің және (немесе) мемлекеттік органдардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде МЖӘ жобасы тоқтаған;

3) мемлекеттік әріптес МЖӘ шартында көзделмеген талаптарды қою нәтижесінде МЖӘ жобасын іске асыруға байланысты шығыстар ұлғайған жағдайларда Заңның 57-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалған органның шешімі негізінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының бірінің талап етуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. МЖӘ шартының өзге де талаптары

56. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, МЖӘ шарты бойынша талап етуді басқаға беруге және жекеше әріптестің борышын аударуға мемлекеттік әріптестің, оператордың жазбаша келісуі болған және жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері өтетін тұлға жалпы және қосымша (арнаулы) біліктілік талаптарына сай болған жағдайда ғана жол беріледі.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Жекеше әріптес МЖӘ объектісінің нысаналы мақсатының өзгермейтіндігіне ауыртпалықты алып тастамай, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік әріптестің жазбаша келісімімен ғана МЖӘ шарты бойынша өз құқықтарын кепілге береді.

58. Инвестициялық кезеңде жекеше әріптес қатарынан 6 (алты) ай ішінде МЖӘ шартының талаптарын орындамаған жағдайда, мемлекеттік әріптес біржақты тәртіппен МЖӘ шартындағы Тарапты осы Қағидалардың 62-тармағында көзделген тәртіппен қайтадан өткізілген конкурс қорытындылары бойынша айқындалған жаңа жекеше әріптеске ауыстыру жолымен жекеше әріптеспен МЖӘ шартын мерзімінен бұрын бұзады.

59. Пайдалану кезеңінде жекеше әріптес МЖӘ объектісіндегі үлесті иеліктен шығарған жағдайда, жекеше әріптес мемлекеттік әріптеспен келісім бойынша МЖӘ объектісіне техникалық қызмет көрсетуге кепілдік негізінде жекеше әріптеске қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін МЖӘ шартының және Консорциум шартының талаптарын орындауға жаңа жекеше әріптес тарту арқылы консорциум шартындағы тарапты ауыстыруды жүзеге асырады. Мемлекеттік әріптес МЖӘ шартындағы жекеше әріптесті жаңа жекеше әріптеске ауыстыруды жүзеге асырады. Жаңа жекеше әріптес консорциум шартында Тарапты оның қатысушыларымен ауыстыру туралы консорциум шартына қосымша келісім жасайды.

ЖЖОКБҰ жекеше әріптестің МЖӘ объектісіндегі үлесті сатып алу құқығын үшінші тұлғалар алдында басым пайдаланады. Егер МЖӘ объектісіндегі үлесті ЖЖОКБҰ МЖӘ объектісіндегі үлесті сату туралы жекеше әріптес хабарлама жіберген күннен бастап бір ай ішінде ЖЖОКБҰ сатып алмаса, жекеше әріптес үлесті үшінші тұлғаға сатады.

МЖӘ шарты бойынша жекеше әріптесті ауыстыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Қағидалардың 60-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

60. Пайдалану кезеңінде жекеше әріптес:

1) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде қызметтер көрсетуді;

- 2) МЖӘ объектісіне техникалық қызмет көрсету және мүліктің сақталуы;
- 3) МЖӘ объектісін ағымдағы жөндеуді;
- 4) коммуналдық төлемдерді төлеуді;

5) өртке қарсы және санитариялық нормалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген МЖӘ объектісіне қолданылатын міндетті талаптардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік әріптес Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көзделген талаптарды бұзған жағдайда жекеше әріптеспен МЖӘ шартын бұзады.

61. МЖӘ шарты бұзылған жағдайда, жекеше әріптес студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыруға байланысты бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды 270 (екі жүз жетпіс) күнтізбелік күн ішінде республикалық бюджетке қайтарады.

3-параграф. Жекеше әріптесті ауыстыру тәртібі

62. Жекеше әріптес қатарынан 6 (алты) ай ішінде МЖӘ шартының талаптарын орындамаған жағдайда, МЖӘ шарты бұзылған кезде жекеше әріптесті мемлекеттік әріптеспен ауыстыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік әріптес жаңа жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізеді.

Конкурстық құжаттама жаңа жекеше әріптестің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін олармен келісілген тәртіппен және шарттарда орындауы бойынша талапты қамтиды.

Жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында конкурс өткізуге негіз болған конкурстық құжаттаманың ережелері, қайталама конкурс өткізу сәтіне жекеше әріптес нақты орындаған шарт талаптарын ескере отырып өзгертілетін осындай конкурстың ережелерін, оның ішінде өлшемшарттарының параметрлерін қоспағанда, МЖӘ шарты жасалған алдыңғы конкурстың конкурстық құжаттамасының ережелеріне сәйкес келеді ;

- 2) мемлекеттік әріптес осы Қағидалардың 3-тарауында көзделген тәртіппен конкурс қорытындылары бойынша жаңа жекеше әріптесті айқындайды;

- 3) жекеше әріптес жер учаскесін қайтаруды жүзеге асырады;

- 4) жекеше әріптес шығындары өтелуге жататын аяқталмаған құрылыс объектісін мемлекеттік әріптеске береді;

- 5) мемлекеттік әріптес жаңа жекеше әріптеспен МЖӘ шартын жасасады.

Жекеше әріптес ауыстырылған жағдайда шарттың талаптары жекеше әріптестің конкурс өткізу сәтіне нақты орындаған міндеттемелері туралы деректердің негізінде, сондай-ақ конкурс жеңімпазы ұсынған ұсыныстар ескеріліп өзгереді.

Ауыстыруға жататын жекеше әріптестің МЖӘ шарты бойынша құқықтары мен міндеттері жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тоқтатылады.

МЖӘ шартына жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шарт бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесінде тіркелуге тиіс.

Жекеше әріптесті ауыстыру жөніндегі конкурсты өткізу кезеңінде және жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шартқа қол қойылғанға дейін МЖӘ объектісін басқаруды ауыстыруға жататын жекеше әріптес жүзеге асырады, ал заңды тұлға таратылған не жекеше әріптес ретінде әрекет ететін дара кәсіпкер қайтыс болған жағдайда, МЖӘ объектісін басқаруды мемлекеттік әріптес айқындаған тұлға жүзеге асырады;

6) жаңа жекеше әріптес консорциумның ЖЖОКБҰ-мен шарттағы тарапты ауыстыру туралы шартына қосымша келісім жасайды. МЖӘ объектісін салу бойынша алдыңғы жекеше әріптес жүргізген және орындалған жұмыстар актісімен расталған күрделі шығындар сомасының 100%-ын 270 (екі жүз жетпіс) күнтізбелік күн ішінде алдыңғы жекеше әріптеске жаңа жекеше әріптестің төлем консорциум шартында тарапты ауыстыру туралы қосымша келісімнің міндетті шартын жүргізу болып табылады;

7) Мемлекеттік әріптес жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шарт тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде МЖӘ шартын орындау барысында, оның ішінде МЖӘ объектісіне қатысты туындаған барлық мүліктік құқықтар қабылдау-тапсыру актісі бойынша жаңа жекеше әріптеске беріледі.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Пайдалану кезеңінде жекеше әріптес МЖӘ объектісіндегі үлесті иеліктен шығарған жағдайда консорциум шартында және МЖӘ шартында тарапты ауыстыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) МЖӘ объектісіндегі өз үлесін сатуды жоспарлап отырған жекеше әріптес болжамды баға мен сату шарттарын көрсете отырып, өзінің ниеті туралы ЖЖОКБҰ-ға жазбаша хабарлама жібереді;

2) МЖӘ объектісіндегі өз үлесін сатуды жоспарлап отырған жекеше әріптес өзінің ниеті мен жоспарланып отырған жекеше әріптесі туралы Мемлекеттік әріптеске жазбаша хабарлама жібереді;

3) мемлекеттік әріптес 10 (он) жұмыс күні ішінде жекеше әріптесті ауыстыруға келіседі немесе негізді түрде бас тартады.

Жекеше әріптес мемлекеттік әріптес ауыстырудан бас тартқан жағдайда жекеше әріптесті ауыстыруға қайта келіседі;

4) жаңа жекеше әріптес консорциум қатысушыларымен мемлекеттік әріптес келіскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шартта тарапты ауыстыру туралы консорциум шартына қосымша келісім жасасады;

5) жекеше әріптес консорциум шарты жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жер учаскесі бар МЖӨ объектісіндегі үлесті жаңа жекеше әріптеске береді;

6) мемлекеттік әріптес жаңа жекеше әріптеспен және алдыңғы жекеше әріптеспен МЖӨ шартында мемлекеттік әріптес келіскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тарапты ауыстыру туралы МЖӨ шартына қосымша келісім жасасады;

7) жаңа жекеше әріптес мемлекеттік әріптеске МЖӨ шартының мерзімі аяқталғанға дейін МЖӨ объектісіне техникалық қызмет көрсетуге кепілдік береді.

4-параграф. Консорциум шартының маңызды талаптары

64. Консорциум шартының маңызды талаптары:

1) консорциумдағы ЖЖОКБҰ үлесін сексен бес пайыз мөлшерінде айқындау;

3) МЖӨ объектісін сақтау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен объектінің нысаналы мақсатының өзгермейтіндігіне ауыртпалық сала отырып, жекеше әріптес пен ЖЖОКБҰ-ның үлестік меншігінде қалады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖЖОКБҰ студенттерін, магистранттарын және докторанттарын жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде пайдалану кезеңінде жүзеге асырылатын төлемдерді жекеше әріптестің алуы;

5) қосымша өтеулі қызметтер түрлерін айқындау (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың жайлы тұруы мен демалуы үшін коммерциялық үй-жайларды мүлкіктік жалдау (тамақтану аймақтары, спорт аймағы, тұрмыстық қызметтер аймағы);

6) консорциум шартының талаптарына сәйкес жекеше әріптестің МЖӨ объектісін пайдалануға беруді және МЖӨ объектісін ЖЖОКБҰ-ның үлестік меншігіне беруді қамтамасыз етуі;

7) жекеше әріптестің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне уақытша өтеусіз жер пайдалану шартын жасасуы;

9) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде қызметтер көрсету ;

10) консорциум шарты тоқсан алты ай мерзімге жасалады.

Жекеше әріптесті айқындау
және мемлекеттік-жекешелік
әріптестік шартын жасасу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасы

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының атауы (бұдан әрі - МЖӘ жобасы):
"Студенттердің, магистранттар мен докторанттардың тұруы үшін

(жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) атауы көрсетілсін) ____

орындық _____ жатақхана

салу және пайдалануға беру". (елді мекеннің атауын көрсету)

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің (бұдан әрі – МЖӘ объектісі) орналасқан жері:

(МЖӘ объектісінің орналасқан жері көрсетіледі)

Мемлекеттік әріптес:

(мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банк деректемелерін көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы:

(конкурсты ұйымдастырушының толық атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, банк деректемелерін көрсету)

Конкурстық құжаттама тегін беріледі.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. МЖӘ жобасының осы үлгілік конкурстық құжаттамасы әлеуетті жекеше әріптеске олардың конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат беру мақсатында әзірленді.

2. Конкурс МЖӘ жобасын іске асыру үшін жекеше әріптесті айқындау мақсатында өткізіледі.

3. МЖӘ жобасын сипаттау нысаны білім беру саласындағы МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшада көрсетілген.

4. Ұйымдастырушы өткізетін конкурстың негізгі іс-шаралары МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшада келтірілген.

5. МЖӘ объектісін салуға және пайдалануға қойылатын талаптар МЖӘ шартының жобасында келтірілген.

6. МЖӘ жобасын қаржыландыру:

1) МЖӘ объектісі құрылысының сметалық құнының отыз пайызынан аспайтын мөлшерде мемлекеттік әріптестің қаражаты;

2) жекеше әріптестің меншікті қаражаты;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарызға алынған қаражат (қажет болған жағдайда) есебінен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қаржыландыру МЖӨ объектісі пайдалануға берілгеннен кейін жекеше әріптестің меншігіне берілетін коммерциялық үй-жайларды қоспағанда жүзеге асырылады.

7. МЖӨ жобасының конкурстық құжаттамасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді.

МЖӨ жобасының конкурстық құжаттамасының қолданылу мерзімі оны бекіткен күннен бастап үш жылды құрайды.

8. Конкурсты ұйымдастырушы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітетін Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік – жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларында көзделген тәртіппен жекеше әріптесті айқындау үшін конкурстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

9. Осы МЖӨ жобасының конкурстық құжаттамасын қолдану мақсаттары үшін "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген негізгі ұғымдар пайдаланылады.

2-тарау. МЖӨ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасының мазмұны

10. МЖӨ жобасының конкурстық құжаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) әлеуетті жекеше әріптестің алдымен қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар МЖӨ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасына 3-қосымшаға сәйкес Тізбеге сәйкес ұсынылады;

2) әзірленген ЖСД бар, сондай-ақ үлгілік жобалар, үлгілік жобалау шешімдері және қайта қолдану жобалары негізінде іске асырылатын жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздеме не МЖӨ жобасының сипаттамасын қамтитын ақпараттық парақ;

3) МЖӨ объектісінің орналасқан жері;

4) МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік қолдаудың болжамды түрлері мен көлемдері, сондай-ақ шығындарды өтеу мен кірістерді алу көздері;

5) МЖӨ шартының жобасы;

6) үздік конкурстық өтінімді айқындау өлшемшарттарының сипаттамасы;

7) МЖӨ жобасының параметрлері көрсетілуі тиіс валютаны (валюталарды) және оларды салыстыру және бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын валюта (валюталар) бағамын көрсету;

8) конкурстық өтінімді ұсыну тіліне қойылатын талаптар;

9) әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығына нұсқау;

10) конкурстық өтінімнің мазмұны, конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны, мерзімі және қолданысы, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары;

11) МЖӨ жобасының конкурстық құжаттамасының мазмұны бойынша түсініктемелер алу тәсілдері;

12) конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу рәсімдері, орны, күні және уақыты;

13) келіссөздер барысында өзгерістер енгізуге жол берілмейтін конкурс шарттары.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері, сондай-ақ жекеше әріптестің кірістерін алу көздері

11. МЖӨ жобасын іске асыру кезеңінде жекеше әріптес білім беру саласындағы МЖӨ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасына 1-қосымшаға сәйкес МЖӨ жобасын сипаттай отырып, ақпараттық парақта көзделген мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемін алады.

12. Мемлекеттік қолдау шараларын төлеу және табыс алу мөлшері, тәртібі мен мерзімдері МЖӨ шартында белгіленеді.

4-тарау. Конкурстық өтінім және қамтамасыз етуі

13. Конкурстық өтінім әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар және шарттармен келісімін білдіру нысаны болып табылады.

14. Конкурстық өтінімдер МЖӨ жобасының осы конкурстық құжаттамаға 2-қосымшасында көрсетілген оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін енгізіледі.

15. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді қамтамасыз ету ғылым және жоғары білім саласындағы уәклетті орган бекітетін Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. МЖӨ жобасының құны конкурстық құжаттамада айқындалады.

5-тарау. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеу және енгізу тәртібі

17. Конкурстық өтінімді әлеуетті жекеше әріптес жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламада көрсетілген тәртіппен электрондық түрде ұсынады.

18. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурсты ұйымдастырушыға әлеуетті жекеше әріптестер не олардың уәкілетті өкілдері ұсынады.

19. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) әлеуетті жекеше әріптестің атынан конкурстық өтінім берген әлеуетті жекеше әріптес өкілінің өкілеттіктерін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін енгізілген конкурстық өтінімге өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

3) конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін оны қайтарып алған жағдайда, конкурстық өтінімді қайтаруды қамтамасыз етеді.

6-тарау. Конкурстық өтінімді құрайтын құжаттарды және конкурсқа ұсынылатын құжаттарды жасау тіліне қойылатын талаптар

20. Әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімі және конкурсқа ұсынылатын барлық өзге де құжаттар Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылуға тиіс.

21. Құжаттар мемлекеттік және орыс тілдеріне апостиль қойылған немесе заңдастырылған аударма қоса берілген жағдайда басқа тілде жасалуы және ұсынылуы мүмкін (олай болмаған жағдайда құжат ұсынылмады деп танылады).

22. Құжат бойынша ақпаратты түсіндіруге қатысты келіспеушіліктер болған жағдайда қазақ тілдегі құжаттар басымдыққа ие болады.

7-тарау. Конкурстық өтінімде есеп айырысу үшін пайдаланылатын валютаға қойылатын талаптар

23. Конкурстық өтінімде көрсетілген барлық қаржылық көрсеткіштер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептеледі.

Егер конкурстық өтінімде немесе конкурстық өтінімге қоса берілген құжаттарда қандай да бір мәліметтер өзге валютада көрсетілсе, Комиссия көрсетілген сомаларды салыстыру және бағалау мақсатында конкурстық өтінімдерді ашу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қайта есептейді.

8-тарау. Конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі

24. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі - Астана қаласының (Қазақстан Республикасы) уақыты бойынша сағат_ : 00-ге дейін) 20__ жылы " __ " _____.

9-тарау. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі

25. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер қаралған күннен бастап кемінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күнді құрайды.

26. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінен аспауға тиіс. Асып кеткен жағдайда конкурстық өтінім қабылданбайды.

27. Егер конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін мемлекеттік әріптес және конкурстық өтінімі үздік деп айқындалған бірінші әлеуетті жекеше әріптес МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау жөніндегі келіссөздерді аяқтамаған жағдайда, бірінші әлеуетті жекеше әріптес Комиссия шешімінің негізінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қоса алғанда, өзінің конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартады.

28. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту үшін әлеуетті жекеше әріптес конкурсты ұйымдастырушының атына жаңа кезеңге қамтамасыз етуді (егер кепілдік қамтамасыз ету болып табылса), сондай-ақ онда көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді:

- 1) өзі берген конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға келісімін білдіреді;
- 2) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылған мерзім;
- 3) осы құжатқа қол қойылған күн;
- 4) әлеуетті жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің қолы және әлеуетті жекеше әріптестің мөрі (шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда).

10-тарау. Конкурстық өтінімдерді ашу, қарау және іріктеу

29. Осы МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасына 2-қосымшаның 5)-тармақшасында көрсетілген мерзімде конкурстық өтінімдерді ашу (МЖӘ веб-порталында конкурсты ашу) жүзеге асырылады.

30. Комиссия конкурстық өтінімдерді ғылым және жоғары білім саласындағы уәклетті орган бекітетін Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларында көзделген тәртіппен қарайды.

31. Конкурстық өтінімдерді қарауды және іріктеуді осы МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасына 4-қосымшада келтірілген үздік конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары мен бағалау параметрлері ескеріле отырып, Комиссия жүзеге асырады.

Өлшемшарттары олардың әрқайсысы бойынша тиісті балл (үлестік және пайыздық мән) беру арқылы бағаланады.

32. Конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен Комиссия МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер ғылым және жоғары білім саласындағы уәклетті орган бекітетін Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларында көзделген тәртіппен жүргізеді.

33. МЖӘ шартын жасасу мерзімі конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайды.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік
жобасының үлгілік конкурстық
құжаттамасына
1-қосымша
Нысан

МЖӘ жобасын сипаттайтын ақпараттық парақ

МЖӘ жобасының атауы	"Студенттердің, магистранттар мен докторанттардың тұруы үшін _____ (ЖЖОКБҰ ұйымының атауын көрсету) ___ орындық _____ жатақхана салу және пайдалану" (елді мекеннің атауы мен орналасқан жерін көрсету)
МЖӘ жобасының қысқаша сипаттамасы	студенттердің, магистранттар мен докторанттардың тұруы үшін жатақхана салу және пайдалану
Мемлекеттік әріптес	_____ (мемлекеттік әріптестің толық атауын, орналасқан жерін көрсету) Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____ _____ Банк деректемелері: _____
Жобаның мақсаттары мен міндеттері	Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханадағы орындармен қамтамасыз ету, студенттік жатақханалардағы орын тапшылығын жою
Жобаны іске асыру саласы (Саласы)	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
Жоба деңгейі	_____
Нысанның қуаты	___ орын
МЖӘ объектісінің орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, _____ _____ (елді мекеннің атауы мен орналасқан жерін көрсету) , _____ (мекен-жайы немесе орналасқан жерінің сипаттамасы)
Инвестициялық кезең (МЖӘ объектісін салу мерзімі)	___ ай
Пайдалану кезеңі	___ ай
МЖӘ жобасының құны	Инвестициялық шығындар: _____ теңге, оның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары - _____ теңге; жабдық - _____ теңге; басқа шығындар - _____ теңге. Пайдалану шығындары: _____ теңге.

Мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдері және кіріс алу көздері	1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін айқындау әдістемесіне сәйкес студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде пайдалану кезеңінде жүзеге асырылатын жекеше әріптеске төлемдер (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №31724 болып тіркелген). 2) жекеше әріптеске жер учаскесіне уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беру және МЖӘ объектісіне тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу. Осы бөлімнің 1) – 2) тармақшаларында көзделген бюджет қаражаты есебінен төленетін төлемдердің жиынтық көлемі МЖӘ объектісін пайдалануға берудің тиісті жылына белгіленген тиісті жатақханаға арналған Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес есептелген қаражат көлемінен аспайды.
Байланыс деректері	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, телефоны және электрондық пошта мекенжайы көрсетіледі

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобасының үлгілік
конкурстық құжаттамасына
2-қосымша

Негізгі іс-шаралар

Р/с №	Іс-шаралардың атауы	Іс-шараларды өткізу мерзімдері (уақыты мен күні Қазақстан Республикасы, Астана қаласының, уақыты бойынша белгіленген)
1	Конкурсты ұйымдастырушының жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруы, сондай-ақ жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны және конкурстық құжаттаманы МЖӘ веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруы.	"__" _____ 20__ ж. (конкурс өткізілетін күнге дейін кемінде 20 (жиырма) жұмыс күні бұрын, ал қайта конкурс өткізу кезінде - кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын)
		хабарлама орналастырылған күннен бастап конкурстық

2	Конкурстық құжаттаманы түсіндіру.	өтінімдерді ашу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде
3	Әлеуетті жекеше әріптестердің Заңның 32-бабында көзделген қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы.	сағат ____:00-ден кешіктірмей " ____ " _____ 20____ ж. (конкурс жарияланғаннан кейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн)
4	Әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінім беруі, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуі.	МЖӘ жобасының үлгілік конкурстық құжаттамасының көшірмесін алған күннен бастап сағат ____:00-ге дейін " ____ " _____ 20____ ж.
5	Конкурстық өтінімдерді ашу	Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде
6	Комиссияның конкурстық өтінімдерді қарауы.	өтінімдер ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде
7	Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасын жариялау.	Комиссияның тиісті отырысы өтетін күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей
8	МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау бойынша конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен тиісті келіссөздер хаттамасын ресімдей отырып, Комиссияның келіссөздер жүргізуі .	____:00 сағат, " ____ " _____ 20____ ж.
9	Байқау жеңімпазын анықтау.	кешіктірмей " ____ " _____ 20____ ж.
10	Конкурсты ұйымдастырушының комиссия шешімі негізінде конкурс жеңімпазымен МЖӘ шартын жасасуы.	конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайды
11	Конкурсты ұйымдастырушының конкурс нәтижелері туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруы.	МЖӘ шартын жасасқаннан кейін ____ (жазумен көрсетілсін) күн ішінде.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобасының үлгілік
конкурстық құжаттамасына
3-қосымша

Әлеуетті жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі

Әлеуетті жекеше әріптестер Заңның 32-бабында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) шоттарда ақшаның болуын, әлеуетті жекеше әріптестің меншік құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері жылжымайтын және жылжымалы мүліктің құны;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған алдыңғы екі толық қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің түпнұсқасы. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есептілікке қосымша Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына не халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады;

3) әлеуетті жекеше әріптестің бірінші басшысы немесе уәкілетті өкілі қол қойған және әлеуетті жекеше әріптестің мөрімен (шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда) куәландырылған соңғы есепті күнге (соңғы қаржы жылы үшін) "Негізгі құралдар" бухгалтерлік балансының бабын ашып жазу;

4) әлеуетті жекеше әріптестің бірінші басшысы немесе уәкілетті өкілі қол қойған және әлеуетті жекеше әріптестің мөрімен (шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда) куәландырылған соңғы есепті күнге (соңғы қаржы жылы үшін) дебиторлық және кредиторлық берешектің толық жазылуы, олардың құрылған күні мен болжамды өтелуі, сондай-ақ берешектің мақсаты (не үшін берешек пайда болған), есептелген резервтердің сомасы көрсетіле отырып, олардың құнсыздануы. Банктік қарыздар болған жағдайда негізгі борыш пен пайыздарды өтеу кестелері бар банктік қарыз шарттарының көшірмелерін қоса беру қажет;

5) әлеуетті жекеше әріптестің оның төлемге қабілетті екендігі, таратылуға жатпайтындығы, оның мүлкіне тыйым салынбағандығы, оның қаржы-шаруашылық қызметі тоқтатылмағандығы, заңды күшіне енген сот шешімі негізінде соңғы үш жыл ішінде МЖС шарттары бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылмағандығы туралы кепіл-хаты;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар да соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есепті ұсынады;

7) заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға Жарғының нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аудармасымен нотариат куәландырған сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірмені ұсынады;

8) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы анықтама, заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу туралы анықтама;

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талон ұсынады;

10) әлеуетті жекеше әріптестің ЖЖОКБҰ-мен консорциум шартын жасасуға, сондай-ақ МЖӘ үлгілік шарты талаптарында МЖӘ шартын жасасуға келісімін растайтын хаты;

11) "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы №3 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 6793) Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына сәйкес әлеуетті жекеше әріптеске қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының әлеуетті жекеше әріптестің алдындағы міндеттемелердің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы қолы мен мөрі бар анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті жекеше әріптес бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады.

"Қазақстан Республикасында кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюро ұсынатын кредиттік есепті ұсынуға жол беріледі.

Банк анықтамасы (не кредиттік есеп) конкурсты ұйымдастырушыға құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы екі айдан ерте берілмейді.

Жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің конкурсқа жай әріптестік нысанында қатысқан жағдайда, оның қатысушылары өздерінің біліктілік талаптарын растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа қосымша келесідей құжаттарды ұсынады:

бірлескен қызмет туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

қарапайым әріптестік мүшелері арасында жасалған ортақ жауапкершілік туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

оның атынан сөз сөйлейтін қарапайым әріптестік өкіліне берілген сенімхаттың нотариат куәландырған көшірмесі конкурс шеңберінде келіссөздер мен басқа да іс-шараларды жүзеге асырады.

Әлеуетті жекеше әріптестер өз қалауы бойынша олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды ұсынады.

Әлеуетті жекеше әріптес – Қазақстан Республикасының бейрезиденті оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты құжаттарды не конкурстық құжаттама тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен Қазақстан Республикасының әлеуетті жекеше әріптесі

бейрезидентінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай-ақ резиденттіктің апостиль қойылған сертификатын (егер халықаралық шартта басқаша қарастырылмаса) ұсынады.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік жобасының үлгілік
конкурстық құжаттамасына
4-қосымша

Үздік конкурстық өтінімді іріктеу өлшемшарттары және бағалау параметрлері

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Өлшем атауы	Өлшемшарттың шекті (базалық) мәні (100% құрайды)	Бағалау әдісі	Көрсеткіштің шартты белгісі
1	Іске асырылған жобалардың тәжірибесі (МЖӨ объектісін ұстау пәні бойынша ұқсас объектілерді салу, құру, реконструкциялау, жаңғырту және/немесе пайдалану тәжірибесінің болуы (дербес не қатысушы ретінде өзге тұлғалармен бірлесіп)	іске асырылған жобалар саны	әрбір іске асырылған жоба үшін 1 балл қосылады	K1
2	Жекеше әріптес өзіне қабылдайтын тәуекелдер	МЖӨ шартына сәйкес тәуекелдерді бөлу	әлеуетті жекеше әріптес қосымша қабылдаған әрбір тәуекел үшін 1 балл қосылады	K2
3	МЖӨ объектісінің құрылысына тартылатын жекеше әріптестің меншікті қаражатының болуын растау (банктік қарыз шарты, банктік кепілдік, банктен хат)	МЖӨ жобасын іске асыру үшін тартылатын меншікті қаражаттың құны	құрылыс құнының әрбір 1% үшін 2 балл қосылады	K3
4			құрылыс мерзімін қысқартудың әрбір	K4

	МЖӨ объектісін салу мерзімдері	(санын көрсету) айлар	айы үшін 1 балл қосылады	
5	Айына МЖӨ объектісінде бір тұру орны үшін төлем мөлшері	_____ (төлем мөлшерін көрсету) теңге	Төлем сомасының әрбір 10% төмендеуі үшін 1 ұпай қосылады.	K5
6	Білікті мамандардың болуы :			K6
	құрылыс қызметі саласында 5 жылдан астам жоғары білімі және жұмыс тәжірибесі бар	_____ (санын көрсету) %	үлестің әрбір 10% өсуі үшін 1 балл қосылады	
	орта арнаулы білімі және 5 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар	_____ (санын көрсету) %	үлестің әрбір 10% өсуі үшін 1 балл қосылады	
	БАРЛЫҒЫ			Бағалау

Ескерту:

"Бағалау" конкурстық өтінім өлшемшарттарының жалпы бағасы әрбір өлшемшарт бойынша алынған балдарды жинақтау жолымен айқындалады:

$$\text{бағалау} = K1 + K2 + K3 + K4 + K5 + K6 ,$$

мұнда:

K1 - бұл жағдайда МЖӨ объектісінің мазмұны бойынша құрылыс бойынша іске асырылған ұқсас жобалардың тәжірибесі ескеріледі. Әлеуетті жекеше әріптес ұсынған МЖӨ объектісіне мазмұн нысанасы бойынша құрылыс бойынша іске асырылған ұқсас жобалардың тәжірибесі болмаған жағдайда, осы өлшем бойынша "нөлге" теңестіріледі;

K2 - жекеше әріптес қосымша қабылдаған және (немесе) берген тәуекелдер болмаған жағдайда, әлеуетті жекеше әріптес ұсынған конкурстық өтінімді бағалау осы өлшем бойынша "нөлге" теңестіріледі;

K3 - осы өлшемшарт бойынша базалық көрсеткіш МЖӨ объектісін салу құны болып табылады;

K4 - МЖӨ объектісін салу мерзімі 1 (бір) айдан астам қысқартылған жағдайда, әлеуетті жекеше әріптес ұсынған конкурстық өтінімді бағалау осы өлшем бойынша "1" балға теңестіріледі;

K5 - бұл жағдайда МЖӨ объектісінде айына бір тұру орны үшін төлем мөлшері ескеріледі. Әлеуетті жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттарының мәні өлшемшарттарының шекті мәнімен сәйкес келген жағдайда, осы өлшем бойынша бағалау "нөлге" теңестіріледі.

K6 - әлеуетті жекеше әріптес ұсынған өлшемшарттарының мәні өлшемшарттарының шекті мәнімен сәйкес келген жағдайда, осы өлшем бойынша бағалау "нөлге" теңестіріледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарты

_____ " ____ " _____ 20__ ж.
(елді мекеннің атауы)

_____ атынан,
(мемлекеттік әріптестің толық атауы)

_____, негізінде
(уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т. А. Ә, (бар болса жағдайда)
әрекет ететін _____ ,
(атауы, деректемелері, құжаттың белгілейтін тұлғаның өкілеттігін)
бұдан әрі "мемлекеттік әріптес" деп аталатын, бір жағынан және
_____ атынан,
(заңды, жеке тұлғаны және т. б. көрсету.)

_____, негізінде әрекет
(уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т. А. Ә, (бар болса жағдайда)
ететін _____ ,

(тұлғаның өкілеттігін белгілейтін құжаттың атауы мен деректемелерін көрсету)
конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес бұдан әрі "жекеше әріптес" деп
аталатын,

екінші жағынан, бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, жеке-жеке "Тарап" деп
аталатын

_____ бастап " ____ "
(комиссияның толық атауын көрсету)

_____ 20__ ж. төмендегілер туралы № _____ осы мемлекеттік-жекешелік әріптестік
шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта қолданылатын ұғымдар

1. Осы Шартта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы жөндеу – алдын алу іс-шараларын жүргізу және ұсақ зақымдар мен ақаулықтарды жою арқылы ғимараттар мен инженерлік жабдықтың бөліктерін жүйелі және уақытында сақтауға бағытталған, ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтың жүйелерінің дұрыстығын (жұмысқа білеттілігін) қалпына келтіру бойынша техникалық іс-шаралардың кешені.

2) ақау – тауарлардың, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстардың ақаулық ұпай беруге әкеп соққан шарт талаптарына сәйкес келмеуі;

3) жер учаскесі – Қазақстан Республикасының Жер кодексте белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішінде бөлінген жер бөлігі;

4) жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) – мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін (бұдан әрі – МЖӘ объектісі) салу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес әзірленуі және бекітілуі талап етілетін құжаттама;

5) алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) кепілдік – жекеше әріптес мемлекеттік әріптеске осы шарттың 5-тарауына сәйкес Шартты мемлекеттік тіркегеннен кейін ұсынатын кепілдік.

7) алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) қаржылық жабу – әлеуетті жекеше әріптеспен немесе жекеше әріптеспен инвестициялық кезеңде мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ жобасы) жобасын іске асыру үшін қажетті қарыз қаражатын тартуға және олар бойынша қаржыландыруды алудың қолжетімділігіне жеке немесе заңды тұлғалармен, олардың бірлестіктерімен келісімдер, шарттар жасалуы.

9) алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10) техникалық қадағалау – орындалған жұмыстың сапасын, мерзімін, құнын, қабылдап алынуын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық сатысында құрылысты қадағалау.

Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Қолданылатын заңнама

2. Шарттың негізінде қол қойылған Шарт және басқа да мәмілелер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады. Егер жекеше әріптес Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, онда Шарт бойынша қолданылатын заңнаманы Шарт тараптары айқындайды.

3. Шарт бойынша құқықты беруге бағытталған мәмілелер бойынша құқықтар мен міндеттерге Қазақстан Республикасының заңнама қолданылады.

3-тарау. Шарттың мәні және МЖӨ объектісі

4. Шарттың мәні жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) студенттері, магистранттары мен докторанттары үшін жатақханалардағы орындардың қолжетімділігі және оларда студенттердің, магистранттар мен докторанттардың жайлы тұру проблемаларын кешенді шешу үшін нысаналы мақсатына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін (бұдан әрі – МЖӨ объектісі) салуға және пайдалануға бағытталған.

5. Жекеше әріптес студенттердің, магистранттар мен докторанттардың тұруы үшін жатақхананың құрылысын "толығымен" жүзеге асырады

_____ орынға
(ЖЖОКБҰ атауын көрсету)

(елді мекеннің атауы)

оны ЖЖОКБҰ-ның үлестік меншігіне береді және оны жетпіс екі ай ішінде пайдалануға беруді, сондай-ақ Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. ЖЖОКБҰ студенттерін, магистранттары мен докторанттарын қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде жекеше әріптеске төлемдер жекеше әріптес пен ЖЖОКБҰ арасында жасалған бірлескен қызмет туралы шартқа (консорциум) сәйкес жүзеге асырылады.

Консорциум шарты Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, бұл ретте оның талаптарын ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен Жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларының 5-тармағының 5), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында және 73-тармағында көзделген міндетті талаптарды қоспағанда, жекеше әріптес пен ЖЖОКБҰ дербес айқындайды.

6. МЖӨ объектісінің сипаттамасы, МЖӨ объектісінің қуаты, құрылымы және техникалық көрсеткіштері Шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

Егер бұл МЖӨ объектісін пайдалануға беру мерзімдерін ұлғайтуға әкеп соқпаса, МЖӨ жобасын іске асыру шеңберінде көрсетілетін қызметтердің көлемін немесе сапасын төмендетпесе, жекеше әріптес жақсартылған сипаттамаларды ескере отырып, МЖӨ объектісінің параметрлерін өзгерте алады.

7. Мемлекеттік әріптес шарт жасалған күні иелік ету және пайдалану құқығы Шартқа сәйкес жекеше әріптеске берілетін МЖӨ объектісінің құрылысы болжанатын жер учаскесінің мемлекеттік меншік болып табылатынына, үшінші тұлғалардың құқықтарымен және (немесе) талаптарымен ауыртпалықсыз болуына кепілдік береді,

жер учаскесінің нысаналы мақсаты мен параметрлері осы Шартқа сәйкес келеді (көшірмелері және (немесе) меншік құқығын куәландыратын құжаттардың түпнұсқалары қоса беріледі), инженерлік коммуникациялар, МЖӘ объектісін салу мен пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті жер учаскесінің шекарасына дейін жеткізілді.

8. Мемлекеттік әріптес туралы мәліметтер:

(мемлекеттік әріптестің атауы)

Заңды мекенжайы: _____

Телефоны _____

Пошта мекенжайы _____.

9. МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесінің нысаны Шартқа 2-қосымшада көрсетілген.

10. МЖӘ жобасын іске асырудың қаржы-экономикалық жоспарының нысаны Шартқа 3-қосымшада көрсетілген.

11. Шарттан туындайтын немесе Шартқа сәйкес берілген жекеше әріптестің барлық құқықтары, өкілеттіктері мен міндеттері Шарттың қолданылу мерзімінде жекеше әріптес үшін айрықша болып табылады және мемлекеттік әріптес шарттың қолданылу кезеңінде жекеше әріптестің жазбаша келісімінсіз кез келген өзге тұлғаға шарт бойынша жекеше әріптестің осы құқықтарын немесе міндеттемелерін бермеуге міндеттенеді.

4-тарау. Шарттың маңызды талаптары

12. МЖӘ шартының елеулі талаптары мыналар болып табылады:

1) жобаның мақсаттары, міндеттері, тікелей және түпкілікті нәтижелері;

2) МЖӘ жобасын іске асыру кезеңі ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі және мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісіне мүлктік құқықтар;

3) МЖӘ жобасының инвестициялық және операциялық кезеңдерінің мазмұны мен мерзімдері;

4) МЖӘ жобасын қаржыландыру мөлшерлері, мерзімдері мен шарттары, сондай-ақ инвестициялардың мөлшерлері, мерзімдері мен шарттары;

5) шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері, мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылған жағдайда олардың түрлері, көлемдері, ұсыну мерзімдері мен шарттары;

6) МЖӘ жобасын іске асыру мерзімі;

7) МЖӘ шартының тараптары арасында тәуекелдерді бөлу;

8) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес есептелген жобаның әлеуметтік-экономикалық және қаржылық-экономикалық модельдері.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тараптар барлық елеулі талаптар бойынша келісімге қол жеткізбеген кезде МЖӘ шарты жасалмаған болып есептеледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Кепілдік

14. Шартты тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жекеше әріптестің кепілдігін есепке алу үшін оның атына эскроу-шот ашу туралы банк, жекеше әріптес және мемлекеттік әріптес арасында үшжақты шарт жасалады.

15. Жекеше әріптеске қойылатын кепілдік талаптары:

1) кепілдік сомасы МЖӘ объектісі құнының 0,1% мөлшерінде жекеше әріптесті таңдау бойынша конкурс өткізу шеңберінде конкурс жеңімпазы ұсынған конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің тең сомасына сәйкес келеді;

2) жекеше әріптестің МЖӘ объектісін салудың нөлдік циклі аяқталған күнге дейін немесе Шартты бұзу күніне дейін қай күн бұрын болғанына байланысты эскроу-шот бойынша шығыс операцияларын жасау құқығын шектеу;

3) Жекеше әріптес Шарттың 17-тармағында көрсетілген алдын ала талаптарды бұзуының кез келген жағдайында, сондай-ақ Шарт бойынша құрылыс міндеттемелері тіркелген күннен бастап МЖӘ объектісінің нөлдік құрылыс салу циклі аяқталған күнге дейін немесе Шарттың қайсысы бұрын басталғанына қарай бұзылған күнге дейін мемлекеттік әріптеске кепілдік сомасын аудару;

4) кепілдік эскроу-шот ашу туралы шарттың қолданылу мерзімі шегінде қолданылады.

6-тарау. Алдын ала талаптар

16. Тараптар Шарттың 17 және 18-тармақтарында көрсетілген алдын ала талаптарды Шарт тіркелген күннен бастап 2 (екі) айдан кешіктірмей орындайды.

17. Жекеше әріптестің алдын ала талаптары:

1) қарыз қаражаттарын тарту кезінде қаржыландыру шарттарын жасау және қаржыландыру шарттарында қарастырылған барлық талаптарды сақтау және мемлекеттік әріптеске барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, қол қойылған қаржыландыру шарттарының куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ қаржыландыру шарттары өзгерген кезде барлық қосымшаларды, ілеспе құжаттарды қоса алғанда, жасалған қосымша келісімдердің көшірмелерін тиісті түрде тапсыру;

2) Шартқа 1-қосымшаға сәйкес қойылатын МЖӨ объектісіне қойылатын талаптардың сақталуын ескере отырып, ЖСҚ әзірлеу;

3) құрылысқа қажетті барлық рұқсаттарды алу және олардың көшірмелерін мемлекеттік әріптеске тапсыру;

4) Мемлекеттік әріптеске жобалау және құрылыс талаптарына сәйкес құрылыс жұмыстарын бастау және іске асыру үшін қажетті сақтандыру өтемін растайтын сақтандыру шарттарының көшірмелерін тапсыру.

18. Мемлекеттік әріптестің алдын ала талаптары:

1) жекеше әріптеске МЖӨ шарты тіркелген күннен кейін 2 (екі) ай ішінде жер учаскесін беру;

2) 10 жұмыс күні ішінде келісу үшін жекеше әріптес тапсырған ЖСҚ-ны қарау.

19. Жекеше әріптес тіркеу күнінен кейін бір ай ішінде Шарттың 17-тармағында көрсетілген шарттың алдын ала талаптарын орындамаған жағдайда, Тараптар орындалмаған алдын ала талаптарды қалай орындау керектігін шешу мақсатында кездесу өткізеді.

Егер Тараптар тіркеу күнінен 2 ай өткенге дейін келісімге қол жеткізе алмаса:

1) егер қандай да бір талап жекеше әріптестің, оның ішінде қаржылық ұйымның кінәсі бойынша орындалмаса:

Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптеске бұзу күніне дейін 10 күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Шартты бұзады, алайда осы кезең ішінде жекеше әріптес Мемлекеттік әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар етіп, ал Мемлекеттік әріптес осыған көз жеткізген жағдайда шарт бұзылмайды;

осы тармақшаға сәйкес шартты бұзған жағдайда мемлекеттік әріптес шеккен залалдар мен шығыстардың мөлшері кепілдік сомасы болып есептеледі және мемлекеттік әріптес кепілдік бойынша талаптарды қойып толық көлемде өтеп алады;

2) егер қандай да бір талап мемлекеттік әріптестің кінәсі бойынша орындалмаса:

Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске бұзу күніне дейін 20 күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдап, Шартты бұзады, алайда осы кезең ішінде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті орындалмаған талаптардың орындалғаны туралы хабардар еткенде және Жекеше әріптес осыған көз жеткізген жағдайда Шарт бұзылмайды;

осы тармақшаға сәйкес Шарт бұзылған жағдайда эскроу-шоттағы кепілдік сомасы жекеше әріптеске қайтарылады;

3) егер қандай да бір талап еңсерілмейтін күштің (форс-мажор) мән-жайларына байланысты орындалмаса:

кез келген Тарап бұзу күніне дейін 10 күнтізбелік күн бұрын өзге Тарапқа хабарлама жолдап, шартты бұзады;

осы тармақшаға сәйкес Шартты бұзған жағдайда жекеше әріптеске эскроу-шоттағы кепілдік сомасы қайтарылады.

7-тарау. Жекеше әріптеске жер учаскесін беру тәртібі

20. Мемлекеттік әріптес Шарт тіркелген күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Жекеше әріптеске уақытша өтеусіз жер пайдалануға жер учаскесін беру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдайды. Жер учаскесін беру күніне МЖӨ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті инженерлік коммуникациялар жер учаскесінің шекарасына дейін жүргізілуі тиіс.

21. Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӨ объектісінің құрылысы үшін жер учаскесін беру кідірген жағдайда, Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

22. Мемлекеттік әріптес міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарлама жолданған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде (немесе ең ұзақ мерзімнің өтуі бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы хабарламада көрсетіледі) жер учаскесін беруді кідіртудің мән-жайын түзетеді.

23. Жекеше әріптеске шартты орындау мақсатында жер учаскесіне уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беру Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

24. Жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

25. МЖӨ объектісін салу және пайдалану үшін қажетті жер учаскесінің сипаттамасы, оның ішінде оның кадастрлық нөмірі, құны, орналасқан орны, ауданы, шекараларының сипаттамасы, мемлекеттік жер кадастрынан көшірме Шартқа 4-қосымшада келтірілген.

26. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жекеше әріптестің жер учаскесіне өзінің құқықтарын өзге тұлғаларға беруге және жер учаскесін қосалқы жалдауға бермейді.

27. Жекеше әріптеске осы шарт шеңберінде берілген жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасауға жол берілмейді.

8-тарау. МЖӨ жобасының инвестициялары

28. МЖӨ жобасының көздерін және МЖӨ қаржыландыру кестесін Жекеше әріптес Шартқа 5-қосымшада көзделген нысан бойынша ұсынады.

29. Шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістерді алу көздері Шарттың 18-тарауында көрсетілген.

30. Жекеше әріптес МЖӨ объектісін техникалық қызмет көрсету бойынша есеп айырысулар үшін жеке банктік есепшот ашады.

31. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына, халықаралық немесе

ұлттық стандарттарға және бухгалтерлік есепке алудың үлгілік шоттары жоспарына сәйкес, олардың қажеттіліктері мен қызмет ерекшеліктерін негізге ала отырып, Жекеше әріптес есепке алу саясатын қабылдайды.

32. Жекеше әріптес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың , есепке алу саясатының сақталуын қамтамасыз ету, активтерді сақтау, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жымқыру және қателік жағдайларының алдын алу және оларды анықтау жөніндегі шараларды қоса алғанда, операцияларды тиімді жүргізу мақсатында ішкі бақылау қызметін ұйымдастырады.

9-тарау. МЖӨ жобасын басқаруды ұйымдастыру

33. МЖӨ объектісінің баланс ұстаушысы Мемлекеттік әріптес айқындайтын ЖЖОКБҰ болып табылады.

34. Құрылыс сатысында жобаны басқару жөніндегі МЖӨ объектісінің техникалық жай-күйін бақылауды техникалық қадағалауға жауаптылар Жекеше әріптеспен жасалған шарттың негізінде:

- 1) жобалық шешімдерді;
- 2) құрылыс мерзімдерінің, нормативтік құжаттардың талаптарын;
- 3) жұмыстардың сапасыны;
- 4) көлемдердің, сапаның сәйкестігін;
- 5) жобалау-сметалық құжаттаманың, нормативтерге сәйкестігін;
- 6) орындалған жұмыстардың аралық қабылдау кезеңін;
- 7) ақауларды уақытында жоюды сақтай отырып жүзеге асырады.

35. Жекеше әріптес МЖӨ объектісін басқару бойынша, оның ішінде персоналды басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, сапаны басқаруды, қаржыларды басқаруды, ресурстарды басқаруды қамтитын жоспарын әзірлейді және бекітеді.

36. МЖӨ жобасы бойынша техникалық қызмет көрсетуді бақылау Шартқа сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіпте, Мемлекеттік әріптеспен жүзеге асырылады.

10-тарау. МЖӨ объектісін салуға рұқсаттар

37. Жекеше әріптес заңнамаға сәйкес, МЖӨ объектісін салу мен техникалық қызмет көрсету бақылайтын немесе оған әсер ететін мемлекеттік органдардың сертификаттары мен мақұлдауларын қоса алғанда, МЖӨ объектісін салу және техникалық қызмет көрсету үшін талап етілуі мүмкін барлық рұқсаттарды алады, күшінде ұстайды және ұзартады. Жекеше әріптес рұқсаттарды беру және алу туралы өтініштерді даярлаумен байланысты барлық шығыстарды (баждар мен салықтарды қоса алғанда) өтейді.

38. Мемлекеттік әріптес жекеше әріптеске рұқсаттарды беру үшін өзінің құзыреті шегінде қажетті көмек көрсетеді. Бұл тармақ мемлекеттік әріптестің жекеше әріптес үшін қандай да бір рұқсат алуына міндеттемесін белгілемейді.

11-тарау. МЖӨ объектісін салуды ұйымдастыру

39. Жекеше әріптес МЖӨ объектісін заңнамада белгіленген тәртіпте және ЖСҚ-ға сәйкес салады.

40. Құрылыс шарттары:

- 1) құрылыс жұмыстарының ұзақтығы;
- 2) ЖСҚ бойынша қойылатын талаптар болып табылады.

41. Жекеше әріптес құрылыс бойынша шарттарды бұзған жағдайда, құрылыс жұмыстары басталған күннен бастап бір ай өткеннен кейін, Тараптар орындалмаған құрылыс шарттарын қалай орындау керектігін шешу үшін жиналыс өткізеді.

42. Жекеше әріптес жұмыстардың, тауарлардың және құрылыс жұмыстарының көрсетілетін қызметтерінің отыз пайызынан аспайтын мөлшерде құрылыс шарттарын қатарынан 6 (алты) ай ішінде орындамаған жағдайда, Мемлекеттік әріптес Шарттың 107-тармағында көзделген тәртіппен МЖӨ шартында тарапты ауыстыру жолымен Жекеше әріптеспен МЖӨ шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзады.

43. Жоспарланған аяқтау мерзімі кешіктірілген жағдайда мемлекеттік әріптес құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін қосымша 2 (екі) ай мерзімін ұсынады. Бұл ретте мемлекеттік әріптес жоспарланған аяқтау күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні өткеннен кейін кешіктірілген әрбір күн үшін МЖӨ объектісі құнының 0,001% мөлшеріндегі айппұлды өндіріп алады. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы МЖӨ объектісі құнының 0,1% - нан аспауы тиіс.

44. МЖӨ объектісінің құрылысы:

- 1) мемлекеттік әріптес қаражаты МЖӨ объектісі құрылысының сметалық құнының отыз пайызынан аспайтын мөлшерде;
- 2) жекеше әріптестің меншікті қаражаты;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарызға алынған қаражат (қажет болған жағдайда).

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қаржыландыру МЖӨ объектісі пайдалануға берілгеннен кейін жекеше әріптестің меншігіне берілетін коммерциялық үй-жайларды қоспағанда жүзеге асырылады.

45. Жекеше әріптес МЖӨ объектісіне техникалық қызмет көрсетуді, ұсынылған материалдардың және жабдықтардың тиісті сапасын қамтамасыз етеді.

46. Жекеше әріптес мемлекеттік әріптеске және оның уәкілеттік берген тұлғаларына МЖӨ объектісіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

47. Жекеше әріптес техникалық қадағалауға жауаптылардың келісуі бойынша, МЖӨ объектісін салу бойынша жұмыстарды орындауға, олардың әрекеттері үшін өзінің меншікті әрекеттері ретінде жауап бере отырып, үшінші тұлғаларды (қажет болған жағдайда нақты тартылатын тұлғаларды көрсетуге болады) тартады.

48. Жекеше әріптес Шарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде құрылыс жұмыстарының сапасын қамтамасыз етеді.

49. Жекеше әріптес құрылыс жұмыстарының кезеңінде мемлекеттік әріптеске ай сайын құрылыс жұмыстарының орындалуы және олардың ЖСҚ-ға сәйкестігі туралы мәліметтерден тұратын есеп тапсырады.

50. Құрылыс барысы туралы есептер жұмыстардың жүргізілу тәртібі, қолданылған құрылыс материалдары және құрылыс шығыстары туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Құрылыс барысы туралы есептер жекеше әріптестің бас мердігерлермен немесе кредиторлармен қатынастарында қолданылатын кез келген еркін нысанда берілуі мүмкін.

51. Мемлекеттік әріптес МЖӨ объектісін салу бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру кезінде Жекеше әріптеске көмек көрсетеді.

52. Мемлекеттік әріптес ЖСҚ-ның Шартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жекеше әріптес мемлекеттік әріптес шешімінің негізінде ЖСҚ-ға қажетті өзгерістер енгізу сәтіне дейін МЖӨ объектісін салу бойынша жұмысты тоқтатады.

53. Жекеше әріптес Шартта көрсетілген техникалық-экономикалық ерекшеліктерге сәйкес МЖӨ объектісін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген тәртіпте пайдалануға енгізеді.

54. Жекеше әріптес Шартта белгіленген мерзімде МЖӨ объектісін салуды және пайдалануға беруді мүмкін емес ететін Тараптарға тәуелді емес мән-жайларды анықтаған кезде, Жекеше әріптес Шартты орындау бойынша Тараптардың кейінгі іс-қимылдарын келісу мақсатында аталған мән-жайлар туралы Мемлекеттік әріптеске дереу хабарлайды.

55. Жекеше әріптес қажет болған жағдайда, МЖӨ объектісін салудың бүкіл кезеңі ішінде көлік құралдарының жүріп өтуін қамтамасыз ететін уақытша айналма жолды жоспарлайды, салады және оған қызмет көрсетеді. Мұндай шығыстар МЖӨ объектісін салу құнына жатады.

56. Жекеше әріптес Тараптардың келісімі бойынша 15 (он бес) күнтізбелік күн мерзімде жұмыстарды орындау шығыстарының сметасын, сондай-ақ қосымша жұмыстардың орындалу кестесін ұсынады. Бұл ретте Мемлекеттік әріптес тиісті құжаттарды алған күннен бастап 10 күннен аспайтын қысқа мерзімде Жекеше әріптеске оларды бекіту немесе бас тарту туралы хабарлайды.

12-тарау. Археологиялық олжалар

57. Археологиялық олжалар табылған жағдайда Жекеше әріптес:

1) 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптеске осындайлардың табылғаны туралы хабарлайды;

2) табылған археологиялық олжалардың бүлінуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін сақтық шараларын қабылдайды;

3) МЖӘ объектісін салу кезінде денсаулықты қорғау және қауіпсіздік бойынша кез келген шараларды және учаскеде қауіпсіздік бойынша кез келген нұсқаулықтарды қамтуы тиіс барлық тиісті қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, табылған объектілерді өз қаражаттары есебінен алып шығарады;

4) табылған объектілерді сақтауға, кез келген әрекеттерді жасауға және қолданылатын процедураларды жүргізуге қатысты заңнаманың барлық талаптарын сақтайды.

58. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен археологиялық олжа туралы хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті уәкілетті органды хабардар етеді.

59. Археологиялық олжалардың табылуы себебі бойынша жұмыстардың тоқтатылуы форс-мажорлық жағдаяттар болып есептеледі.

60. Құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімінің негізінде 10 (он) күнтізбелік күннен көп емес мерзімге тоқтатылады.

61. Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптестің кезкелген ұсынымдарын есепке алады және кезкелген археологиялық зерттеулерге немесе учаскедегі зерттеулерге қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

62. Егер тиісті уәкілетті органның зерттеу нәтижесі құрылыс жұмыстарының тоқтатылуын ұзарту қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда Шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

63. Жекеше әріптес археологиялық олжаларға байланысты кідіртуді мүмкін болғанша қысқартады. Осы мақсатта ол неғұрлым қолайлы шешімдерді анықтау бойынша сондай-ақ, Мемлекеттік әріптес бекітетін археологиялық олжаларды алу жоспарын жасау және оны жаңа мерзімдерге сәйкестендіру үшін МЖӘ жобасын жүзеге асыру кестесін өзгерту бойынша құзыретті органдармен, Мемлекеттік әріптеспен ынтымақтасады.

64. Жер учаскесінен табылған археологиялық олжалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет меншігіне беріледі.

13-тарау. Қауіпті қалдықтардың көмулері

65. Қауіпті қалдықтардың көмілгені анықталған жағдайда Жекеше әріптес:

1) 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Мемлекеттік әріптесті және тиісті уәкілетті органды осындайлардың табылғаны туралы хабарлайды;

2) қауіпті қалдықтарды көмуден болған теріс салдарларды жою мақсатында заңнаманың талаптарына сәйкес тиісті түрде және өз қаражаттарының есебінен

көмілген қауіпті қалдықтарды жоюмен, зарарсыздандырумен, кәдеге жаратумен байланысты барлық қажетті шараларды жүргізеді және аяқтайды.

66. Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестен көмілген қауіпті қалдықтардың табылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде құрылысты тоқтату туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Жекеше әріптесті және тиісті уәкілетті органды хабардар етеді.

67. Жекеше әріптес жер учаскесіндегі қауіпті қалдықтардың көмулеріне қатысты заңнаманың ережелерін сақтайды.

68. Жекеше әріптес қауіпті қалдықтардың көмулерін тапқан жағдайда құрылыс жұмыстары Мемлекеттік әріптестің шешімі негізінде 10 (он) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге тоқтатылады.

69. Егер тиісті уәкілетті органның зерттеу нәтижесі құрылыс жұмыстарының тоқтатылуының ұзартылу қажеттілігін көрсеткен жағдайда, онда Шарт тиісті кезеңге ұзартылады.

14-тарау. МЖӨ объектісіне меншік құқықтары

70. МЖӨ объектісінің құрылысы жоспарлы аяқталған күнге дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей Жекеше әріптес бұл туралы Мемлекеттік әріптесті жазбаша хабардар етеді .

71. МЖӨ объектісін пайдалануға қабылдау актісі тіркелгеннен кейін, МЖӨ объектісінің құрылысын аяқтау туралы жекеше әріптеске хабарлама келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Жекеше әріптес МЖӨ объектісін консорциум шартының және шарттың талаптарына сәйкес ЖЖОКБҰ-ның үлестік меншігіне береді.

72. МЖӨ объектісін қарау кезінде тапсырылатын МЖӨ объектісінде ақаулар анықталған жағдайда МЖӨ объектісін пайдалануға бергеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде мемлекеттік әріптес анықталған ақау туралы оны жою мерзімін көрсете отырып, Жекеше әріптесті жазбаша хабардар етеді. МЖӨ объектісін кейінгі тексеруді мемлекеттік әріптес Шарттың орындалуына мониторинг жүргізу барысында жүзеге асырады.

73. Жекеше әріптес мемлекеттік әріптесті анықталған ақауларды жою туралы хабарламада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей хабардар етеді.

74. Жекеше әріптес анықталған ақауларды жоймаған жағдайда, мемлекеттік әріптес Жекеше әріптестің кепілдігінен ақаулардың есебіне сәйкес келетін соманы техникалық қызмет көрсетуге ұстап қалады.

75 МЖӨ объектісі пайдалануға енгізілгенге дейін Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Жекеше әріптес жаңа Жекеше әріптеске беретін МЖӨ объектісіне үшінші тұлғалардың құқықтары жүктелмейді.

76. МЖӘ объектісі пайдалануға берілген күннен кейін мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда МЖӘ объектісінің жай-күйі бойынша талаптар Шартқа 6-қосымшада келтірілген ақаулы нүктелерін негізінде қойылады.

15-тарау. МЖӘ объектісін пайдалану

77. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалануға бергеннен кейін жекеше әріптестің меншігіне берілетін коммерциялық үй-жайларды қоспағанда, шарт қолданылу кезеңінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері, магистранттары мен докторанттары үшін жатақханада орын беру жөніндегі қызметтерді ұйымдастыру үшін ғана МЖӘ объектісін пайдаланады.

78. МЖӘ объектісі 72 (жетпіс екі) ай мерзімге пайдалануға беріледі.

79. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін пайдалану кезінде:

- 1) МЖӘ объектісіне техникалық қызмет көрсету және мүліктің сақталуы;
- 2) мүлікті ағымдағы жөндеу;
- 3) коммуналдық төлемдерді төлеу;

4) өртке қарсы, санитарлық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалардың сақталуын бақылау жүзеге асырады.

80. МЖӘ объектісінің ақаулары анықталған жағдайда ұсынылатын қызметтер сапасының индикаторларын және МЖӘ объектісін пайдалану өлшемшарттарын бұзудың ақаулы ұпайларын есептеу Шартқа 6-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

81. МЖӘ объектісінің анықталған ақауларын жекеше әріптес өз есебінен жояды.

16-тарау. МЖӘ объектісін жөндеу

82. Жекеше әріптес МЖӘ объектісі пайдалануға енгізілген күннен бастап әр 2 (екі) жыл сайын Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға біткенге дейін ағымдағы жөндеу жүргізеді.

83. Ағымдағы жөндеу МЖӘ объектісінде каникул кезеңінде жүргізіледі

17-тарау. Салық салу

84. Жекеше әріптес шарт бойынша қызмет шеңберінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттелетін МЖӘ жобасы бойынша салық міндеттемелерін орындайды.

85. Шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу, оларды төлеу бойынша міндеттемелердің туындаған сәтіне, қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

86. Шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін орындау Жекеше әріптесті салық міндеттемесі туындаған күні қолданыста болатын

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес шарттан тыс қызметті жүзеге асыру жөніндегі салық міндеттемесін орындаудан босатпайды.

18. Кірістер алу көздері

87. Жекеше әріптестің кіріс көздері:

- 1) МЖӘ объектісіндегі жекеше әріптестің үлесі;
- 2) ЖЖОКБҰ студенттерін, магистранттарын және докторанттарын жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде төлемдер;
- 3) МЖӘ объектісінде тұратын студенттерден, магистранттардан және докторанттардан тұру үшін ақы төлеу;
- 4) жекеше әріптестің меншігіндегі коммерциялық үй-жайлардан түсетін кірістер болып табылады.

88. МЖӘ объектісінің құны әзірленген ЖСҚ-ға және оған тиісті сараптамаларға сәйкес, Шартқа өзгерістер енгізу жолымен түзетіледі.

89. Шарт бойынша қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістер Жекеше әріптестің меншігі болып табылады.

19-тарау. Тұрақсыздық айыбы

90. Егер Шарттың тиісті тармақтарында өзгеше көзделмесе, Тараптар міндеттемелерді орындауды кешіктірген әрбір күн үшін МЖӘ объектісі құнының 0,001% мөлшерінде Шартқа сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын төлейді.

91. Тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 0,1% -ынан аспауы тиіс.

20-тарау. Жергілікті қамту

Ескерту. 20-тарау алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21-тарау. Мемлекеттік әріптестің құқықтары мен міндеттері

95. Мемлекеттік әріптес:

- 1) Жекеше әріптеспен және Шарттың өзге де тараптарымен оның талаптары туралы келіссөздер жүргізуге;
- 2) өзі конкурсты ұйымдастырушы болған кезде мемлекеттік-жекешелік әріптестік компаниясының басқару органдарына қатысуға;

3) Шарт шеңберінде Жекеше әріптестің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді , оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту арқылы жүзеге асыруға;

4) МЖӘ жобасы шеңберінде МЖӘ объектісіне, сондай-ақ қызметті жүзеге асыруға катысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

6) МЖӘ объектісі бойынша Жекеше әріптестің кінәсінен туындаған залалды өтеуді талап етуге;

7) Шартты талаптарын Жекеше әріптес не Шартты өзге де тарапы бұзған жағдайда Шартты бұзуды талап етуге;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына және Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

96. Мемлекеттік әріптес:

1) Шартта көзделген жағдайларда және мерзімдерде МЖӘ объектісіне құқықтарды Жекеше әріптеске беруге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында және Шартында белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға міндетті.

22-тарау. Жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері

97. Жекеше әріптес:

1) Шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

2) Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде Шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен төлемдер мен өтемақыларды талап етуге;

3) МЖӘ жобасында өз қызметінен алынған таза кірісті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалауы бойынша пайдалануға;

4) МЖӘ объектісіне қатысты құқықтарды Шартта көзделген талаптарда жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына және Шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

98. Жекеше әріптес:

1) МЖӘ объектілерінің бейінін сақтауға, сондай-ақ Шарттың талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін тиісті техникалық жай-күйде Мемлекеттік әріптеске беруді қамтамасыз етуге;

2) жасалған Шарт шеңберінде тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

3) МЖӘ жобасын іске асыру үшін бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Шартында белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға міндетті.

23-тарау. Мемлекеттік әріптестің Шартының орындалуын мониторингтеу тәртібі, оның ішінде жекеше әріптестің мониторинг жүргізу үшін ақпарат беру тәртібі

Ескерту. 23-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Мемлекеттік әріптес заңнамада белгіленген тәртіппен жекеше әріптестің Шарт талаптарын, шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерін, сондай-ақ Шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес МЖӘ объектісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді сақтауын мониторинг жүзеге асырады.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Мониторингтың негізгі бағыттары:

1) Шартта айқындалған барлық талаптар мен тәртіптерді сақтау;

2) қоршаған ортаны қорғау және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтау болып табылады.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.09.2025 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Инвестициялық кезеңде Жекеше әріптес Мемлекеттік әріптеске ай сайын есепті кезең аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп береді.

Пайдалану кезеңінде Жекеше әріптес мемлекеттік әріптеске есепті кезең аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жарты жылда кемінде 1 рет шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп береді.

102. Тараптар Шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне уақтылы беруге және Шартта көзделген міндеттерді тиісінше орындауға ықпал етуі мүмкін елеулі оқиғалардың басталғаны туралы бір-біріне дереу хабарлайды.

24-тарау. Тәуекелдерді бөлу және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар

103. Тараптар шарт талаптарына сәйкес МЖӘ жобасы бойынша тәуекелдерді көтереді.

104. Тараптар Шартқа 7-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік әріптес пен Жекеше әріптес арасында тәуекелдерді бөлу туралы келісімге келді.

25-тарау. Дауларды шешу тәртібі

105. Шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

Егер Шартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар 2 (екі) айдың ішінде келіссөздер арқылы шешілмейтін болса, онда Тараптар дауларды Қазақстан Республикасы заңнамаға сәйкес шешеді.

26-тарау. Шартты өзгерту, толықтыру және тоқтату, бұзу талаптары

106. Тараптар өзара келісімі бойынша, Шартқа жазбаша нысандағы қосымша келісімдер жасасу жолымен, Шарттың айрықша талаптарын және ондағы бекітілген МЖӘ жобасының бастапқы параметрлері мен сипаттамаларын өзгертпейтін өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге құқықтары бар.

107. Инвестициялық кезеңде Жекеше әріптес Шарт бойынша құрылыс талаптарын қатарынан 6 (алты) ай ішінде орындамаған жағдайда, Шарт бұзылған кезде Мемлекеттік әріптес Жекеше әріптесті ауыстыруды мынадай тәртіппен жүзеге асырады :

